



31 қаңтар 2023 жыл

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРҒАННАН КЕЙІНГІ ЕСЕПТІЛІГІНЕ СЫРТҚЫ ШОЛУ»

Сыртқы шолуды дайындауға арналған бағалау параметрлері

Қаржылық құралдың түрі	Жасыл облигациялар
Сәйкестік стандарттары	«Самұрық-Энерго» АҚ жасыл қаржыландыру саласындағы саясат
Облигациялардың айналым кезеңі	25.11.2021-25.05.2028
Кезең	Post-issuance
Қолданылуы	Жасыл облигациялар шығарылғаннан кейін олардың мәртебесін растау

Қамту

«Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Компания) жасыл қаржыландыру саласындағы саясатына сәйкес, шығарылғаннан кейін жасыл облигациялардың мәртебесін растау мақсатында сыртқы шолуды дайындау үшін «Green Investment Group» ЖШС-ны тартады.

Эмитенттің жауапкершілігі

Сыртқы шолуды дайындау мақсатында Компания мына құжаттардың GIG тізбесін ұсынады:

- Компанияның жасыл қаржыландыру саласындағы саясаты
- Қолайлы жобаларды іріктеу мен бағалау рәсімі туралы мәліметтер
- Жоба туралы ақпарат
- Қаражатты есепке алу және пайдалану жөніндегі есептілік, сондай-ақ қоршаған ортаға әсері туралы есептілік.

ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

Жасыл облигациялар қағидаттарына және Жасыл кредиттеу қағидаттары бойынша ұсынымдарға сәйкес шығарылғаннан кейін «Самұрық-Энерго» АҚ Жасыл облигацияларының айналым шарттарын сақтау туралы пікір.



Ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелері бойынша, біз Компанияның 2021 ж. қарашада шығарылған жасыл облигацияларынан түскен қаражатты пайдалану «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жасыл қаржыландыру саласында қабылданған Саясатқа сәйкес келеді деп санаймыз.



Компания ұсынған құжаттаманы зерделеу барысында біз Компания қабылдаған Жасыл қаржыландыру саласындағы саясатқа және Жасыл облигациялар мен жасыл кредиттеу қағидаттарына қайшылықтарға сәйкес 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясының жасыл облигациялар шығаруы бойынша мәлімделген шарттардан қандай да бір ауытқушылықты анықтаған жоқпыз.

Green Investment Group Бас директоры
Жанна Түйінбаева
31/01/2023

Head office: Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, 19, Imanov str., office 415B
Branch in AIFC: Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, 37 Mangilik El ave., No. 1

Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, 55/22 Mangilik El ave., FinTech, office 233

tel. 8 (701) 795 55 10, e-mail: info@greeninvest.kz

Бас офис: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, А. Иманов көшесі 19,
415В офис л в АХҚО-дағы филиалы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана
қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 37, н.п. №1

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 55/22, FinTech., 233 -офис

мен. 8 (701) 795 55 10, e-mail: info@greeninvest.kz

Эмитент туралы ақпарат

Жасыл қолайлы жобалардың негізгі өлшемдерін айқындайтын Жасыл қаржыландыру саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) Самұрық-Энерго Басқармасының шешімімен бекітілді, 2021 жылғы 10 қарашадағы №31 хаттама.

2021 жылғы 25 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ жылдық 11,4% купондық мөлшерлемен және айналым мерзімі 6,5 жыл болатын 18,4 млрд теңге мөлшерінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Astana International Exchange қор биржасына жария жазылу арқылы жасыл облигацияларды дебюттік тәсілмен орналастырды.

Орналастырудан түскен қаражат Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ISMA) Жасыл облигациялар қағидаттарына (GBP) сәйкес жасыл қолайлы жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «Эмитент») - Қазақстан Республикасындағы энергетикалық активтерді басқаратын холдингтік компания, ол қолданыстағы өндіруші қуаттарды жаңғырту және жаңаларын іске қосу жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты іске асыру үшін 2007 жылғы 10 мамырда құрылды. 2018 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері көмірді, көмірсутектерді және су ресурстарын пайдалана отырып, электр энергиясын, жылу мен ыстық суды өндіру, сондай-ақ халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға электр энергиясын сату, электр энергиясын желіде тасымалдау және тарату, ГЭС пен ЖЭС-ті, жаңартылатын энергетика объектілерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ ГЭС мүлкітік кешендерін жалға беру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына ірі өндіруші компаниялар, оның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты республикалық маңызы бар станциялар, елдің оңтүстік өңірлеріндегі су электр станциялары – Шардара және Мойнақ ГЭС, Қазақстанның ең ірі көмір өндіруші кәсіпорны «Богатырь Көмір» ЖШС, жаңартылатын энергия көздерін өндіру объектілері – жел және күн электр станциялары, сондай-ақ аймақтық тарату желісі мен сату компаниялары кіреді.

Компанияның миссиясы – орнықты даму қағидаттарына сүйене отырып, акционерлік құнды құру, энергия ресурстарын сенімді жеткізу есебінен өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру, жоғары технологиялық даму.

Пайымдау – тиімді жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания - Қазақстан электр энергетикасының көшбасшысы.

Компанияның миссиясы мен көзқарасына қол жеткізу үш стратегиялық мақсатты іске асыру есебінен қамтамасыз етілетін болады, оның ішінде:

- Қатысу нарықтарында сенімді бәсекеге қабілетті энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету;

- Акционерлік капиталдық құнын ұлғайту;
- Орнықты даму.

Компания мынадай Орнықты даму мақсаттарын ұстанады, мысалы:

- 3-мақсат: Мықты денсаулық және әл-ауқат
- 6-мақсат: Таза су және санитария
- 7-мақсат: ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ
- 9-МАҚСАТ: ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
- 11-МАҚСАТ: ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР
- 12-МАҚСАТ: ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ
- 13-МАҚСАТ: КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС
- 15-МАҚСАТ: ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

Жасыл қаржы саласындағы саясатта жасыл қаржы құралдарынан түскен қаражатты пайдалану, инвестициялардың бағыттары және қызметтің экологияға әсері туралы ақпаратты жыл сайынғы негізде Эмитенттің мына ресми сайтында ашу көзделген://samruk-energy.kz/KZ/.

Қаражатты пайдалану есебін жүргізу, басқару және мониторинг жүргізу процесі, жобаларды іріктеу рәсімі «Самұрық-Энерго» АҚ жасыл қаржыландыру саласындағы саясатқа сәйкес жүргізіледі.

МАЗМҰНЫ

1. Жұмыс тәртібі	6
2. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	6
3. ШЫҒАРЫЛЫМНАН КЕЙІНГІ ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ МЕН АЙНАЛЫМЫНЫҢ СӘЙКЕСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІН КРИТЕРИЙЛЕР БОЙЫНША БАҒАЛАУ. 7	

1. Жұмыс тәртібі

Сыртқы шолу тәуелсіз бағалау болып табылады және GIG-тің жасыл қаржы құралдарынан түсетін қаражатты басқару, әкімшілік ету, бөлу, жасыл қаржы құралдарын қолданудан алынған қаражат есебінен қаржыландырылатын жасыл жобалар бойынша есеп беру және ақпаратты ашу және олардың Жасыл қаржыландыру саласындағы эмитент саясатына сәйкестігі мен Жасыл облигациялар және жасыл несиелеу принциптеріне қайшы келмеуі туралы пікірді білдіреді.

Сыртқы шолуды дайындау эмитенттің құжаттарын, есептерін және таныстырылымдарын реттейтін тиісті құжаттаманы, егер ондайлар бар болса, сондай-ақ эмитенттің Жасыл қаржы құралдарына қатысты саясатын іске асыруға байланысты процестердің сипаттамасы бола алатын, оларды нақтылай және сәйкестігін растай алатын басқа да жалпыға қолжетімді ақпаратты зерттеуді қамтиды. Осы мақсаттар үшін пайдаланылатын ақпарат эмитентпен тікелей өзара іс-қимыл жасау және/немесе GIG сенімді деп санайтын кез келген ашық көздерден алынады.

Сыртқы шолуды дайындау эмитенттен GIG тәуелсіздігінің этикалық стандарттары мен шарттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Бағалау критерийлері

Пікір мынадай тәртіппен білдіріледі:

1. Сыртқы шолуды дайындау кезінде эмитенттің бизнес-процестерінің төрт критерийге сәйкестігіне бағалау жүргізіледі:
 - Қаражатты пайдалану,
 - Жобаларды бағалау және іріктеу процесі,
 - Қаражатты басқару,
 - Есептілік және ақпаратты ашу.
2. Жасыл облигация мәртебесін растау туралы пікір эмитенттің Жасыл қаржыландыру саласындағы саясатының мәлімделген шарттарына, сондай-ақ Жасыл облигациялар мен жасыл кредиттеу қағидаттарының ұсынымдарына сәйкес эмитент ұсынған есептілік және басқа да құжаттама негізінде білдіріледі.

Қорытынды сыртқы шолу алдымен Компанияға беріледі, содан кейін ол эмитенттің келісімімен көпшілікке таратылуға және мүдделі тұлғаларға ұсынылуға тиіс.

2. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

«Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы аясында жобаның мынадай негізгі мақсаттарына қол жеткізілді:


- Өңірдегі электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін жылдық электр энергиясын өндіруді арттыру.

- Төрт турбинаның әрқайсысының шығыс қуатын 25 МВт-дан 31,5 МВт-ға дейін арттыру арқылы станцияның белгіленген қуатын 100 МВт-дан 126 МВт-ға дейін арттыру
- Шығынды азайту арқылы жұмыс істеп тұрған турбиналар мен генераторлардың тиімділігін арттыру
- Моральдық тұрғыдан ескірген және физикалық тозған жабдықты табиғатты қорғау іс-шараларын және электр станциясын толық автоматтандыруды қамтамасыз ететін жаңа заманауи жабдықтармен ауыстыру, нәтижесінде су электр станциясының сенімділігі мен апатсыз пайдалануға дайындығын арттыру.
- Жабдықты жөндеу және пайдалану қызметімен байланысты тікелей шығындарды азайту арқылы станция қызметінің тиімділігін арттыру.

«Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасын іске асырудың тиімділігі

- Су электр станциясының қызмет ету мерзімі жаңғыртудан кейін 45-50 жылға ұлғайды.
- СЭС қуаты 26% - ға ұлғайды, бұл Түркістан облысы мен Шымкент қаласында электр энергиясының тапшылығын жабуға бағытталатын электр энергиясын өндірудің 26 МВт-қа өсуін білдіреді.
- Қуат өсіміне қоршаған ортаға қосымша теріс әсерді болдырмай қол жеткізілді.
- Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушылары үшін электр энергиясын үздіксіз өндіруге қабілетті Шардара СЭС-інің қауіпсіздігі мен сенімділігі қамтамасыз етіледі, оның өндірістік-экономикалық тиімділігі артады, гидроагрегаттар мен станцияның авариялық тұрып қалу жағдайлары барысындағы жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларына жұмсалатын жыл сайынғы шығындар алынып тасталады.

3. ШЫҒАРЫЛҒАННАН КЕЙІН ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ МЕН АЙНАЛЫМЫНЫҢ СӘЙКЕСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІН КРИТЕРИЙЛЕР БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Критерий	Мәртебе	Түсіндірмелер/ақпарат көзі
Қаражатты пайдалану		
Жобалардың сапалық және/немесе сандық сипаттамаларына қатысты GVP сәйкес, тартылған қаражат экологиялық пайда әкелетін және эмитент қолайлы жобалар санаттарына сәйкес бағалайтын жасыл жобаларды іске асыруға және қаржыландыруға/қайта қаржыландыруға 100% жіберіледі		«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының Жасыл қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобы тікелей отырысының 2021 жылғы 26 қарашадағы №1 хаттамасы

<p>Жобаларды бағалау және іріктеу процесі</p>		<p>«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының Жасыл қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобы тікелей отырысының 2021 жылғы 26 қарашадағы №1 хаттамасы</p>
<p>Экологиялық ортада жақсартуға қол жеткізу мақсаттарын, сондай-ақ эмитенттің орнықты даму және экологиялық ортаның жақсару принциптеріне берілгендігін көрсететін түрлі іс-шаралар мен бастамаларға қатысуын қоса алғанда, эмитенттің ақпаратты экологиялық аспектілердегі орнықты дамуға байланысты оның мақсаттары, саясаты, стратегиялары мен процестері контекстінде ашуы</p>		<p>Жасыл қаржыландыру саласындағы саясат және Эмитенттің 2022 жылға арналған есептілігі</p>
<p>Эмитенттің бағыттарын, мерзімдерін, экологиялық тиімділік көрсеткіштерін көрсете отырып, жасыл облигациялар шығаруы/жобалардың мақсаттарын ашуы</p>		<p>«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жасыл облигациялар бойынша 2022 жылғы есебі</p>
<p>Эмитент арнайы бөлімше құрды, оның ішінде жобаларды іріктеуге және оның іске асырылуына бақылау жасайды. Бөлімше қызметкерлері, тұтастай алғанда, олардың алдына қойылған міндеттерді түсінеді, ал олардың кейбіреулерінің жасыл жобаларды сүйемелдеу бойынша тәжірибесі бар.</p>		<p>2021 жылғы 26 қарашадағы №224-Ө Жұмыс тобын құру туралы бұйрық</p>

Эмитенттің жобалық құжаттамада немесе экологиялық тәуекелдерді анықтау саясатында жобаларды іске асыруға байланысты экологиялық тәуекелдерді анықтау үшін біліктілік критерийлерін ашатын экологиялық тәуекелдерді анықтау саясаты бар.





Эмитенттің жыл сайынғы есептілігі

Қаражатты басқару

Жасыл облигациялар шығарылымынан түскен таза түсімдер қосалқы шотқа қосылады, басқа портфельге аударылады немесе эмитент өзге түрде сәйкесінше қадағалайды		2022 жылға арналған қосалқы шот үзіндісі
Жасыл облигациялардан түсетін түсімдерді бөлек есепке алу әдісі эмитент құжаттамасында нақты белгіленген		Қосалқы шотта есеп жүргізу бойынша ішкі есеп
Эмитент жасыл облигациялар айналымда болған кезде қосалқы шоттың тұрақты мониторингін жүргізеді және оларды тиімсіз болып табылатын жобалар портфолиосынан алып тастау процедурасы бар.		Қосалқы шотта есеп жүргізу бойынша ішкі есеп
Эмитент инвесторларға жасыл облигациялардың пайдаланылмаған құралдарын уақытша орналастыру үшін ұсынылатын құралдар туралы хабарлайды		Жасыл қаржыландыру саласындағы саясат
Уақытша пайдаланылмаған жасыл облигациялар қаражаттын инвестициялаудың нақты ережелері		Жасыл қаржыландыру саласындағы саясат
Жасыл облигациялардан түсетін кірістердің мақсатты пайдаланылуын ішкі бақылау әдісін тексеру үшін аудиторды немесе басқа үшінші тарапты тарту		Ақпарат берілген жоқ
Есептілік		
Эмитент толық есепті ұсынады (жобалар тізбесімен бірге) және шығарылғаннан кейін жасыл облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты пайдалануға қатысты ақпаратты ашады		«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жасыл облигациялар бойынша 2022 жылғы есебі

Есеп беру инвестициялардың сипаты және күтілетін қоршаған ортаға әсерін ашуды қамтиды

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жасыл облигациялар бойынша 2022 жылғы есебі

<p>Эмитент қаражат бөлінген жобалар туралы, салалар (санаттар) бойынша егжей-тегжейлі бөле отырып, сондай-ақ экологиялық әсері мен жекелеген жобаларды іске асыру барысы туралы ақпаратты ашады</p>		<p>«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жасыл облигациялар бойынша 2022 жылғы есебі</p>
<p>Эмитент Жасыл облигациялар саласындағы саясатты енгізу бойынша өз есептілігін бағалау үшін тәуелсіз білікті тараптарды тартуға міндеттенеді</p>		<p>GIG сыртқы шолуы</p>

Жорамалдар мен шектеулер

Барлық құқықтар қорғалған. Берілген Сыртқы шолудың ешбір бөлігін GIG-дің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз кез келген нысанда және кез келген тәсілмен көшіруге, беруге немесе жариялауға болмайды. Сыртқы шолу жасыл қаржы құралдарынан алынған қаражатты пайдаланудың Эмитенттің жасыл қаржы саясатының шарттарына сәйкестігі туралы пікірімізді көрсетеді және Жасыл облигациялар мен жасыл кредиттеуу принциптеріне қайшы келмейді.

Жобаның периметрі мен эмитент ұсынған ақпарат шеңберінде шектеу бар. Сыртқы шолу эмитент ұсынған ақпарат негізінде тәуелсіз бағалау болып табылады, Компанияның құпия ақпаратын ашпайды және қандай да бір инвестициялық шешімдер қабылдауға нұсқау болып табылмайды.

Сыртқы шолу тек ақпараттық мақсаттарға арналған және GIG осы Сыртқы шолуды және/немесе ондағы ақпаратты пайдалану нәтижесінде туындаған зиян үшін жауапкершілік нысандарын қабылдамайды. Сыртқы шолуды мұндай жаңартудың себептерін көрсете отырып, жарияланғаннан кейін жаңартуға рұқсат етіледі.

Green Investment Group Бас директоры

Жанна Түйінбаева

31/01/2023



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»
ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН
ЕСЕПТІЛІККЕ СЫРТҚЫ ШОЛУ

АҚ
ШЫҒАРҒАННАН

Ресми емес нұсқа

ЖАСЫЛ
КЕЙІНГІ
